

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Рудный қаласы білім бөлімінің Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясы» КММ педагогикалық кеңес отырысының № 10 хаттамасы

2023 ж. "22" маусым

Төрайымы – Бірманова Қымбат Исланбекқызы

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Хатшы – Джунусова Гүлжазира Жомартқызы

Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Қатысқандар: 58 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға ұсыну туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға ұсыну туралы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Директордың ҒӘЖ орынбасары Г.Т. Жумабаева, Бірманова Қымбат Исланбековна 1977 жылы туған, білімі-жоғары, магистр, педагог-шебер. Еңбек жолын 1997 жылы Рудный қаласының №11 экологиялық лицейінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретінде бастады. Қазіргі уақытта Рудный қаласы Бейімбет Майлин атындағы №7 мектеп-гимназиясында директор, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді.

Білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдегені және (немесе) ұйымдастырғаны үшін ЖАО-ның, ұйымдардың, әлеуметтік әріптестердің, қоғамдық ұйымдардың алғыс хаттарының, құрмет грамоталарының болуы. Әдістемелік сүйемелдегені және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастырғаны үшін марапатталған «Білім және ғылым министрінің Алғысы» болуы.

Білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдегені және ұйымдастырғаны, әлеуметтік әріптестермен, қоғамдық ұйымдардың алғыс хатына ие болды. Әдістемелік сүйемелдегені және (немесе) білім беру қызметін ұйымдастырғаны үшін марапатталған «Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасының» болуы.

Білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдегені және ұйымдастырғаны үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасының немесе мемлекеттік сыйлығының болуы.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Құрмет грамотасы мемлекеттік марапатқа ие болды.

Білім беру ұйымы – білім беруді басқару органдары, Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған (ұсынған) немесе олардың жәрдемдесуімен өткізілген білім беру ұйымдары арасындағы қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстардың және өзге де жарыстардың жүлдегері Облыстық «Біздің директор үздіктердің үздігі» сайысында 1 орынды иеленді.

ҚР жалпы білім беру ұйымдары басшыларын арнаған «Даму» I Республикалық мектеп басшыларының конкурсында жүлделі 1 орынды иеленді. «Педагогтың шығармашылық бастамасы» VI Республикалық оқытушылар сайысында үздік деп танылып, 1 орынды иеленді.

Қазақстан Республикасының өркендеуіне қосқан үлесімен жоғары кәсіби шеберлігі үшін «Үздік адамдар» халықаралық энциклопедиясы редакциясының Қазақстан, Белоруссия, Ресей, Украина президиум кеңесінің дипломымен марапатталып, энциклопедияға енді. Өз мамандығын шебер меңгерген ұстаз ретінде қала, облыс, республика, халықаралық деңгейде үнемі өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп отырады

Облыстық мектеп мұражайы сайысында жүлделі I орын иеленді. Бірнеше жыл қатарынан мақалалары, еңбектері үздік деп танылып, Польша, Чехия, Ұлыбритания елдерінде, жарияланып жүр. ҚР республикалық педагогикалық шеберлік орталығында және желілік қоғамдастықта, жеке сайт-парақша арқылы озық және педагогикалық тәжірибені педагог кадрларға таратушы әрі үйлестіруші. Дарынды балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін және қабілеттерін шебер белсендіріп, бағдарлама көлемінен тыс қызығушылықтарын арттырып, олармен бірге мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізеді, білім алушыларының өз пәнінен қосымша жұмыс түрлеріне (білім додалары, олимпиадалар, сайыстар) қатысуына мүмкіндік жасайды.

Қала, облыс, республика төңірегінде және педагогикалық ұжымға үнемі өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп келеді. Мұғалімнің /Учительский.сайт/ Бірманова Қымбат Исланбекқызы жеке сайты бар. Түрлі әдістемелік құралдар, тапсырмалар, сабақ үлгілері, ізденіс жұмыстары т.б. шығармашылық жұмыстары енгізіліп, ғаламтордағы барша әріптестерімен серіктестікте жұмыс жасайды. Мұғалім тек білім берумен ғана шектелмей, оқушылардың түрлі сайыстар мен байқауларда шығармашылық ой-өрісін дамытып, ізденіс жасауға, пікір таластыру деңгейіне жетіп, сыныптан тыс уақытта да үнемі даму үстінде болуын

қадағалайды. Оқушылары жыл сайын білім додалары, олимпиада мен шығармашылық сайыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері:

- «Юный журналист медиа форум» Артек Крым қаласы, Мухамедина А.А. -

Ы.Алтынсарин 178 жылдығына байланысты облыстық конкурс I орын
Тоққожаев Ж.

- А.Байтұрсынов атындағы Республикалық олимпиада Айтмұратова М. III орын

- Ұлы даланың жеті қыры «Алтын Адам Тәуелсіз Қазақстанның символы»
Утепов А., II орын

Мухамедина А. II орын

«Әбіш оқулары» Тұрғанбек Айша, I орын

«Жансүгіров оқулары» республикалық сайыстың облыстық кезеңі, Тоққожаев
Жамбыл Бас жүлде.

ҚР БҒМ Абайтану республикалық мектеп интернаты және ASSYLTAС
қоғамдық қоры ұйымдастырған Абай әлемі «Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»
республикалық олимпиада, III орын.

Яссауи хикметтері, облыстық Айтмұратова М., I орын.

Республикалық «Абай оқулары» байқауында Тоққожаев Ж, III орын.

Қанафин Ә. 2 – орын (облыстық кезеңде) иеленді.

«Ақберен» VI республикалық сайыста оқушылары жүлдегер болды.

Әл Фарабидің 1150 жылдығына орай «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты
республикалық сайыста Рамазан Әлішер I орын иеленді.

Республикалық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» байқауында №7
мектеп – гимназиясы (республикалық) II – орын (6 қатысушы).

«Тұлпар мініп, ту алған» республикалық конкурсында Адебова Нұрсила, III
орын.

«Әбіш оқулары» конкурсы қалалық кезең Тұрғанбек Айша, I орын.

«Әбіш оқулары» конкурсы облыстық кезең Тұрғанбек Айша, I орын.

Қалалық «Жарқын болашақ» олимпиадасы Тоққожаев Жамбыл, II орын.

Облыстық I.Жансүгіров оқулары Тоққожаев Жамбыл бас жүлде.

8-11 сыныптарға арналған «Дарын» жалпы пәндер бойына зерттеу
жобалары конкурсы Кажиева Амина, I орын

Облыстық Абай оқулары Тоққожаев Жамбыл, III орын.

Облыстық Ясауитану Айтмұратова Мөлдір, I орын.

Республикалық Поэзия әлемі Мамат Ербол, I орын

Облыстық эссе байқауы Тоққожаев Жамбыл, I орын.

Қалалық Жамбыл Жабаевқа арналған авторлық өлең сайысы Тоққожаев
Жамбыл, I орын.

Облыстық Жамбыл Жабаевқа арналған авторлық өлең сайысы Тоққожаев
Жамбыл, I орын.

III Республикалық Абайтану олимпиадасы Тоққожаев Жамбыл, III орын

III Республикалық Абайтану олимпиадасы Тұрғанбек Айша, III орын

III Республикалық Абайтану олимпиадасы Кажиева Амина, III орын.

Қалалық М. Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Қара өлеңнің Құлагері» Токқожаев Жамбыл, I орын.

Қалалық М. Мақатаевтың туғанына 90 жыл толуына орай «Қара өлеңнің Құлагері» Анарбеков Жолдасбек, I орын.

Қалалық Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл «Ұлы мұра» Проба Пера Токқожаев Жамбыл, I орын.

Облыстық Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл «Ұлы мұра» Проба пера Токқожаев Жамбыл, II орын.

Қалалық Жансүгіров оқулары Токқожаев Жамбыл, I орын.

Қалалық Мақатаев оқулары Айтмұратова Мөлдір, II орын.

Қалалық Абай және Махамбет оқулары Токқожаев Жамбыл, I орын.

VI Халықаралық медиафорум «Артек» Абдрахманова Дильназ бас жүлде.

Қалалық 8-11 сынып оқушылары үшін ғылыми жұмыс Айтмұратова Молдир, II орын.

Қалалық Жас қаламгер «Тұғырлы тұлға -Әлихан» Анарбеков Жолдасбек, I орын.

Қалалық А.Байтұрсынов туғанына 150 жыл толуына орай «Ұлы мұра» облыстық марафонның «Проба пера» авторлық шығармалар байқауы Анарбеков Жолдасбек, I орын.

Облыстық «Лето – это маленькая жизнь» Абдрахманова Дильназ, I орын.

Республикалық «Ясауитану» конкурсының облыстық кезеңінің жеңімпазы Адебова Нұрсила, I орын.

Әдістемелік құжатты, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарды, оқу-әдістемелік кешенді (бұдан әрі – ОӘК) және тиісті Оқу-әдістемелік кеңес (бұдан әрі – ОӘК) бекіткен басқа да әдістемелік құжаттарды әзірлеу.

Облыстық деңгейде сараптамадан өткен авторлық жұмыстар: «Жазба жұмыстарының түрлерін ұйымдастырудың тиімді жолдары»

«Бейімбеттану» оқу-әдістемелік кешен.

Ерекше назарды қажет ететін оқушыға арналған психология—педагогикалық түзету» оқу құралы.

Біліктілікті арттыру курстарында (бұдан әрі – БАК) оқытылғанын растайтын құжаттың болуы).

«Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент» 80 сағат Алматы қ, Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы басқарушылық қызмет және менеджмент 80 сағат Алматы қ.

«Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» Қостанай қ.

Қымбат Исланбекқызы жаңалыққа жаны құштар, шығармашылық қасиеттерімен ерекшеленіп, белсенділік танытып келеді. Оған дәлел: «Мектеп директоры» ғылыми-әдістемелік журналы, «Мектеп директорының орынбасары», ғылыми-әдістемелік журналы, «Білім-инфо» әдістемелік журналы, «Білімді ел» білім беру саяси-қоғамдық газеті, «Педагогический

диалог» ақпараттық журналы, «Білім менеджменті», «Проюозный жизнь Казахстана», «Педагогика және психология», «Білім беру басшысының анықтамалығы», «Қазақстан мектебі» тағы басқа журналдарда мақалалары жарияланды.

«Жетекші мектеп: Көшбасшылық және кәсіби даму» облыстық Тірек мектебінің үйлестірушісі.

Ғаламтор желісіндегі мұғалімнің жеке «YouTube» каналы бар.



Қазіргі заман талабына сай, ойы ұшқыр, еңбекқор, ұстаздық кәсіптің шыңына бойлаған, өз ісінің терең білгірі, оқушының биікке ұмтылуына өзіне парыз санайтын, ақпараттық - коммуникативтік, бәсекеге қабілетті және күзiреттi, сауатты, жоғары кәсіби күзiреттi, біліктілігі жоғары дәрежелі педагог-шебер қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бірманова Қымбат Исламбекқызын педагогикалық ұжымы, әріптестері, ата-аналары, білім ошағында білім алып жатқан оқушыларының арасында үлкен беделге ие.

Қаулы:

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапаттауға ұсынылады.

Төрайымы:

Хатшы:

Бірманова Қ.И.

Джунусова Г.Ж.